**Батыс Қазақстан инновациялық – технологиялық университеті**

«Бекітемін»
Ғылыми кеңес төрағасы,
ректор ________ Б.Т.Шакешев
хаттама № __ «10» __04__ 2024 ж.

**Білім беру бағдарламасы**

Дайындық бағыты: 6B031 Әлеуметтік ғылымдар
Берілетін дәреже: 6B03101 - "Психология " білім бағдарламасы бойынша әлеуметтік ғылымдар бакалавры
БББ шифрі және атауы: 6B03101 - "Психология"
Түскен жылы: 2024

Білім беру бағдарламасы кафедра отырысында қарастырылды және бекітуге ұсынылды::

Хаттама №8 «25» 04 2024ж
Кафедра меңгерушісі __________ Р.С. Кинжекова
(аты-жөні, қолы)

Институт кеңесінің отырысында талқыланды
Хаттама №__ «__»________ 20__ж
Институт директоры __________ А.С.Тасмагамбетов
(аты-жөні, қолы)

ОӘК отырыстарында мақұлданды
Хаттама №__ «__»________ 20__ж
Бірінші және оқу әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор __________ С.А.Машанова
(аты-жөні, қолы)

Келісілді:

Орал қ. ППТК | Галиева Г.М. | __________ МО
(ұйымның атауы, лауазымы) | (аты-жөні, қолы)

Аридион. центр для подрост. отнош. | Алимова | __________ МО
(ұйымның атауы, лауазымы) | (аты-жөні, қолы)

ЗҚО ПМПК | Масенова | __________ МО
(ұйымның атауы, лауазымы) | (аты-жөні, қолы)

№40 ЖОББМ директоры | Бакитжанова Л.С. | __________ МО
(ұйымның атауы, лауазымы) | (аты-жөні, қолы)

**6B03101 - "Психология"БББ**
**Мазмұны**


| | | |
|---|---|---|
| **1.** | Білім беру бағдарламасының паспорты | 4 |
| **2.** | Пән сипаттамасы | 8 |
| **3.** | Модульге сипаттама | 16 |
| **4.** | Оқу жоспары | 26 |

## I. Білім беру бағдарламасының паспорты

| | |
|---|---|
| **Тіркеу нөмірі** | 6В03100051 |
| **Білім беру саласының коды және жіктеуіші** | 6В03 Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат |
| **Даярлау бағытының коды және жіктеуіші** | 6В031 Әлеуметтік ғылымдар |
| **Білім беру бағдарламаларының тобы** | В041 Психология |
| **Білім беру бағдарламасының шифрі және атауы** | 6В03101-Психология |
| **Дайындық бағытына лицензиясының нөмірі** | KZ70LAA00005828, 30.09.2015 ж. (қосымша №071, 1.04.2019 ж.) |
| **Бағдарламаның аккредиттелуінің бар болуы** | АРТА (НААР), 04.12.2021-03.12.2024 |
| **БББ түрі** | Қолданыстағы білім беру бағдарламасы |
| **БББ мақсаты** | Білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт, құқықтану, халыққа әлеуметтік көмек көрсетуді басқару, қоғамдық ұйымдар, әкімшілік органдар, ғылыми-зерттеу ұйымдары саласында цифрлық жаһандану жағдайында кәсіби міндеттерді табысты шеше алатын, әлеуметтік және азаматтық жауапкершілік негізінде кәсіби шешімдер қабылдай алатын практикалық психологияның әр түрлі аспектілерінде құзыретті кәсіби психологтарды даярлау. |
| **БББ міндеттері** | 1. Адам туралы кешенді ғылыми білімнің ажырамас бөлігі ретінде толыққанды, сапалы білім алу, психология саласында қажетті кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру үшін жағдайларды қамтамасыз ету.<br>2. Болашақ психологтың кәсіби және жеке қасиеттерін қалыптастыру: өз кәсібіне саналы көзқарас, қарым-қатынас құру қабілеті, эмпатия мен толеранттылық қасиеттері, ойлаудың креативтілігі, эмоционалды интеллект, сыни ойлау, цифрлық ортада жұмыс істей білу, психологиялық өзін-өзі жетілдіруге және жеке өсуге үнемі ұмтылу.<br>3. Түлектердің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттырудың шарты ретінде икемділік пен бейімділікті қалыптастыру, студенттердің заманауи практикалық психология және кәсіби құзыреттілік саласындағы жеке бағдарламаларды таңдай алуы.<br>4. Мүдделі тараптардың сұраныстарын ескере отырып, жұмыс оқу жоспарларын, элективті, студенттердің жеке жоспарларының каталогтарын, ОЖСӨЖ және СӨЖ нысандары мен әдістерін әзірлеу және жетілдіру;<br>5. Психолог-студенттердің ғылыми-зерттеу қызметі мен шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыруы үшін жағдайлар мен мүмкіндіктерді жетілдіру;<br>6. ББ материалдық-техникалық және ақпараттық ресурстарын жүйелі жаңарту, білім алушыларды |

| | |
|---|---|
| | өзекті ақпараттық-цифрлық ресурстармен қамтамасыз ету;<br>7. ББ кадрлық әлеуетін арттыру, академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша өндірістен жетекші практиктерді, отандық және шетелдік ғалымдарды тарту;<br>8. Студенттердің білімі мен құзыреттілігін бағалау әдістері мен нысандарын жетілдіру, білім сапасын бақылау жүйесін және түлектердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптарды қамтамасыз ету. |
| **Кәсіптік стандарт негізінде әзірленді (бекітілген күні) (егер болған жағдайда)** | "Психологиялық және әлеуметтік жұмыс" кәсіптік стандарты<br>Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 30.05.2019 ж. № 292 бұйрығы. |
| **ҰБШ бойынша деңгей** | 6 |
| **СБШ бойынша деңгей** | 6 (1) |
| **Оқыту нәтижелері** | 1. Балалардың жас анатомиялық-физиологиялық, психикалық дамуының негізгі ерекшеліктерін, тұлғаның даму және әлеуметтік қалыптасу заңдылықтарының түсініктерін психология саласында қарастыра алу, негізгі интеллектуалды бағдарламалық жүйелерді құру үшін ұсынылған ЖИ теорияларын, әдістері мен принциптерін қолдана алу;<br>2. Психолог қызметінің түрлі салаларында кәсіби деңгейде алынған білім мен практикалық дағдыларды қолдана алу, күнделікті жағдайларда өндірістік міндеттерді шешу үшін ғылыми ойлауды дамыту және қолдана алу, қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды сенімді және сыни қолдана алады, шаруашылық қызметтің құқықтық, әлеуметтік, қаржылық, этикалық және мәдени аспектілері туралы білімдерін, қаржы нарығының түрлі құралдарына ақша активтерін инвестициялауды түсінуін, денсаулық сақтау және тіршілік қауіпсіздігі мәселелерінде хабардарлығын, ғылыми зерттеулер мен академиялық жазу әдістерін көрсету және оларды зерттелетін салада қолдана алу;<br>3. Әлеуметтік, этикалық және ғылыми пайымдауларды ескере отырып, пайымдауларды қалыптастыру үшін ақпаратты жинай, интерпретациялау және ғылыми материалдарды дайындай, психологиялық зерттеулердің нәтижелерін өңдей алу;<br>4. Дәлелдерді тұжырымдап, көп мәдениетті қоғамда білім беру қызметін ұйымдастырудың теориялық және практикалық негіздеріндегі мәселелерді шешу; балалармен де, әріптестерімен де сауатты тұлғааралық қарым-қатынас құра білу; үнемі жеке және кәсіби өсуге ұмтылу;<br>5. Психология ғылымының түрлі салалары бойынша білім интеграциясының жаңа білімі мен рәсімдерін дамыту бойынша ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметті жүзеге асыра алу, психологиялық технологияларды, психодиагностикалық әдістемелерді талдау және интерпретациялауды жүзеге асыра алу; психодиагностиканың ғылыми-теориялық негіздерін, құзыреттілік тұлға индикаторларының мазмұнын жүзеге асыра алу.<br>6. Оқытудың ғылыми-теориялық негіздерін талдай алу, оларды кәсіби қызметте жүзеге асыра алу, тұрақты тұлғалық және кәсіби өсуге ұмтыла алу;<br>7. Жинақталған тәжірибені сыни түрде қайта қарай алу, қажет болған жағдайда оқыту саласындағы негізгі білімді пайдалана алу, ғылыми зерттеулер жүргізу дағдыларын меңгере алу; |

| | |
|---|---|
| | 8. Психологтың кәсіби қызметінде психодиагностика, психологиялық кеңес беру, әлеуметтік-психологиялық тренинг және психотерапия технологияларын меңгере және қолдана білу;<br>9. Кәсіби деңгейде психолог қызметінің әртүрлі салаларында білім мен практикалық дағдыларды қолдана алу; күнделікті жағдайларда өндірістік міндеттерді шешу үшін ғылыми ойлауды дамытуға және қолдануға қабілетті болу; кәсіби қызметте психологиялық кеңес берудің, әлеуметтік-психологиялық тренингтің және психотерапия технологияларының заманауи ақпараттық технологияларын сенімді және сыни қолдана алу; клиникалық-психологиялық, патологиялық аурулардың психологиялық факторлары, тұлғаның дамуындағы ауытқулар туралы білімі бар, психокоррекциялық және психотерапиялық әдістерді, психопрофилактикалық және психо-ағарту құралдарын меңгерген болу.<br>10. Топтық семинарлар, тренингтер, оқу сабақтарын ұйымдастыра алу; жаңа қызметкерлерді жұмыс жағдайларына бейімдеу дағдыларын меңгерген болу; команда мүшелерінің мотивацияларын анықтай және мотивация карталарын жасай алу; қызметкерлермен сұхбат жүргізу (әңгімелесулер, деректерді жинау және талдау, ұсынымдар мен қызметкерлерді дамыту жоспарын қалыптастыру); мазасыздық пен негативтен арылу мақсатында жеке әңгімелер жүргізу; эмоционалдық, әлеуметтік және когнитивті интеллект дағдыларына ие.<br>11. Кәсіби саладағы көшбасшылық пен жетекшілік арасында өзара байланыс орнату, цифрландырудың әлемдік үрдістерін бағалау, үш тілде тұлғааралық қарым-қатынастың тиімді тәсілдерін пайдалану, қаржылық сауаттылық білімін пайдалана отырып, кәсіби ісінде кәсіпкерлік қызметті жоспарлау. |
| **Оқыту нысаны** | Күндізгі |
| **Оқыту тілі** | Қазақ, орыс |
| **Академиялық кредиттер көлемі (ECTS)** | 240 |
| **Оқытудың типтік мерзімі:** | 4жыл |
| **Берілетін академиялық дәреже** | 6B03101 «Психология» білім беру бағдарламасы бойынша әлеуметтік ғылымдар бакалавры |
| **Кәсіби қызмет ету саласы** | - оқу орындарындағы психолог;<br>- кәсіптік бағдарлау және кәсіптік оқыту орталықтарындағы психолог,<br>- қалалық және республикалық жұмыспен қамту орталықтарындағы психолог;<br>- қоғамдық пікір мен саяси технологияларды зерттеу орталықтарындағы психолог;<br>- өндірістік кәсіпорындардағы психолог (персоналмен жұмыс жөніндегі менеджер);<br>- спорт ұйымдарындағы психолог;<br>-медициналық ұйымдардағы және емдеу-профилактикалық мекемелердегі психолог;<br>- құқық қорғау ұйымдарында және пенитенциарлық мекемелерде, педагогикалық тұрғыдан қараусыз қалған жасөспірімдерді оңалту және әлеуметтік бейімдеу орталықтарында психолог;<br>- ғылыми-зерттеу ұйымдарында кіші ғылыми қызметкер. |
| **Кәсіби қызмет нысаны** | -Орта және орта кәсіптік оқу орындары, кәсіптік бағдарлау және кәсіптік оқыту орталықтары;<br>-қалалық және республикалық жұмыспен қамту орталықтары;<br>-қоғамдық пікір мен саяси технологияларды зерделеу орталықтары;<br>-өндірістік кәсіпорындар (персоналмен жұмыс жөніндегі менеджер); |

| | |
|---|---|
| | - спорттық ұйымдар;<br>-медициналық ұйымдар мен емдеу-профилактикалық мекемелер;<br>-құқық қорғау ұйымдары мен пенитенциарлық мекемелер, оңалту және әлеуметтік бейімдеу орталықтары педагогикалық тұрғыдан қараусыз қалған жасөспірімдер;<br>-ғылыми-зерттеу ұйымдарындағы кіші ғылыми қызметкер.<br>Оқуды аяқтағаннан кейін түлектер «7М031 – Әлеуметтік ғылымдар» білім беру бағдарламасы бойынша магистратурада оқуын жалғастыра алады. |

## 2. Пән сипаттамасы

| | Пәндердің атауы | Пәннің қысқаша сипаттамасы | Цикл, компонент | Кредит саны | Қалыптасатын оқыту нәтижелері (кодтары) | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | ОН 1 | ОН 2 | ОН 3 | ОН 4 | ОН 5 | ОН 6 | ОН 7 | ОН 8 | ОН 9 | ОН 10 | ОН 11 |
| **1.** | Қазақстан тарихы | Пәннің мақсаты - Қазақстан тарихының ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі негізгі даму кезеңдері туралы объективті тарихи білім беру. Пәнді оқу барысында келесі аспектілер қарастырылады: Қазақстан тарихын зерттеудің идеологиялық негіздері. Қазақ мемлекеттілігінің ежелгі, орта ғасырлардан, жаңа және қазіргі заманнан негіздері мен сабақтастығы. Мемлекеттің саяси, әлеуметтік - экономикалық мәдени генезисін жүйелеу. Қоғамның саяси қарама-қайшылығы. Мемлекеттің кеңестік үлгісінің құрылысы. XX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы кеңестік реформалардың оң және керіс салдарлары. XXI ғасырдағы тарихи процестер. Қазіргі қазақстандық даму үлгісінің ерекшеліктері. Ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейін Қазақстан аумағындағы тарихи процестің негізгі кезеңдері мен ерекшеліктері туралы толық түсінік қалыптастыру. | ЖББП (МК) | 5 | + | + | | | + | | | | | | |
| **2.** | Философия | Пәннің мақсаты - студенттердің философияны дүниені танып-білудің ерекше формасы ретінде түсінуін қалыптастырып, олардың келешек кәсіби қызметтері аясында оның негізгі тараулары, мәселелері мен әдістері туралы тұтас білім беру. Пәнді оқу барысында білім алушылар философияның даму кезеңдері, қазақ философиялық ойының ерекшелігі туралы білім алады, философияның негізгі мәселелерімен, ұғымдарымен және категорияларымен танысады. Қазіргі заманғы маманды даярлау жүйесіндегі философияның рөлі оның зерттеу объектісімен анықталады, ол адам және оның табиғатпен және қоғаммен байланысы ретінде қарастырылады. Ол адамның дүниетанымдық, адамгершілік және мағыналық өмірлік бағдарларын қалыптастырады. | ЖББП (МК) | 5 | + | + | | | + | | | | | | |
| **3.** | Экология, бизнес және құқық негіздері | Мақсаты - білім алушылардың экология, бизнес, құқық, сондай-ақ кәсіпкерлік дағдылары саласындағы құзыреттілігін қалыптастыру. Пән бизнесті ұйымдастыру, жұмыс істеу мәселелерін, кәсіпкерлік қызметтің ұйымдық-құқықтық нысандары мен түрлерін, бизнес-жоспарлауды, ҚР Азаматтық құқығының негіздерін, әлеуметтік-экономикалық процестерді ғылыми зерттеу әдістерін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздерін, экология және тіршілік қауіпсіздігі ұғымын, қоршаған ортаның ластану мәселелерін оқытады. | ЖББП ЖООК | 5 | + | + | | | + | | | | | | |
| **4.** | Қазақ (орыс) тілі | Пәннің мақсаты - деңгейлік дайындыққа сәйкес сөйлеу әрекетінің түрлерін сәтті меңгеру. Пән әртүрлі тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени жағдайларда тілді меңгеру дағдыларын қалыптастыруға және жетілдіруге,<br>кәсіби қарым-қатынас, коммуникативтік мақсатқа және қарым-қатынастың кәсіби саласына сәйкес ауызша және жазбаша сөйлеуді өндіру дағдыларын қалыптастыруға, бұл білім алушылардың өзіндік жұмысын жандандыруға ықпал ететің қазақ (орыс) тілінде өнімді тілдік іс-жүрзігудің нысандарын дамытуға бағытталған. | ЖББП (МК) | 10 | | | | + | + | | | | | | |
| **5.** | Шетел тілі | Пәннің мақсаты - білім беру процесінде студенттердің шетел тілінде мәдениетаралық - коммуникативтік құзыреттілігін жоғары және базалық жеткілікті деңгейде қалыптастыру. Пән шетел тілінің лексикасы мен тілдік ерекшеліктерін игеруге, коммуникативтік-функционалдық құзыреттілікті қалыптастыруға, жеке тұлғаның мәдениетаралық қарым-қатынас қабілеті ретінде мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған. | ЖББП (МК) | 10 | | | | + | + | | | | | | |
| **6.** | Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар | Пәннің мақсаты - білім алушыларға кәсіби қызметтің, ғылыми-практикалық жұмыстың әртүрлі салаларында, өз бетінше білім алуында және басқа да мақсаттар үшін заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануға мүмкіндік беретін кәсіби және тұлғалық құзыреттіліктерді меңгерту. Практикалық мақсатпен қатар студенттердің ой-өрісін кеңейтуге, жалпы мәдениеті мен білімін арттыруға ықпал ететін оқу-тәрбиелік мақсаттарды жүзеге асырады | ЖББП (МК) | 5 | | | + | + | + | | | + | | | |
| **7.** | Әлеуметтік- саяси білім модулі (Әлеуметтану, | Пәннің мақсаты - «Болашаққа бағдар: қоғамдық сананың жаңғыруы» мемлекеттік бағдарламасында айқындалған қоғамдық сананы жаңғырту міндеттерін шешу | ЖББП (МК) | 8 | + | + | | | + | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Саясаттану, Мәдениеттану, Психология) | мәнмәтінінде (контекстінде) білім алушылардың әлеуметтік-гуманитарлық дүниетанымын қалыптастыру. Пән әлеуметтануды, саясаттануды және мәдениеттануды, психологияны оқуды қамтиды, олардың әрқайсысының өзіндік пәні, терминологиясы және зерттеу әдістері бар. Аталған ғылыми пәндер арасындағы өзара іс-қимыл ақпараттық толықтыру қағидаттары; интегративтілік; осы пәндердің зерттеу тәсілдерінің әдіснамалық тұтастығы; нәтижеге бағдарланған оқыту әдіснамасының ортақтығы; қалыптасқан қабілеттер ретінде оқыту нәтижелерінің типологиясын бірыңғай жүйелі ұсыну негізінде жүзеге асырылады | | | | | | | | | | | | | |
| **8.** | Дене шынықтыру | Пәннің мақсаты-студенттердің әлеуметтік-жеке құзыреттіліктерін және кәсіби қызметке дайындалу үшін денсаулықты сақтауды, нығайтуды қамтамасыз ететін дене шынықтыру құралдары мен әдістерін мақсатты пайдалану қабілетін қалыптастыру.<br>Пән тиімді кәсіби еңбекке қабілеттілікті және денсаулық сақтау үшін өмірлік маңызды дене қасиеттерін дамыту жолында дене шынықтыру және спортты қолдану бойынша базалық ғылыми-негізделген білім беруге, дене шынықтыру мен спорттың әлеуметтік-мәдени тәжірибесі мен әлеуметтік-мәдени құндылықтарын дамыту бойынша әртүрлі дағдылар мен қабілеттерге ие болуды қамтамасыз етуге бағытталған. | ЖББП (МК) | 8 | + | + | | | | | | | | | |
| **9.** | Жалпы психология | Жалпы психология пәні. Психика және организм. Психиканың құрылымы мен деңгейлері. Психика дамуы. Сана. Іс-әрекет психологиясы. Сөйлеу әрекеті. Қарым-қатынас психологиясы. Топ және ұжым психологиясы. Психиканың құрылымы мен деңгейлері. Қазіргі психология негіздері, теориялық және әдіснамалық негіздері. Психологияның әртүрлі концепциялары, теориялары мен парадигмалары. | БП, ЖООК | 4 | + | | + | | | + | | | | | |
| **10.** | Мамандыққа кіріспе | Мамандыққа кіріспе пәні. Психолог тұлға және кәсіпқой ретінде. Психолог тұлғасының дамуы. Психолог тұлға және кәсіпқой ретінде. Психолог тұлғасының дамуы. Психологиялық ғылымның әдіснамалық тәсілдері туралы. Психолог мамандығының мәні, оның қазіргі әлемдегі орны мен мәртебесі туралы. Өзін-өзі тану, тұлғалық өсу және өзін-өзі жетілдіру мотивациясын қалыптастыру. Әріптестермен қарым-қатынаста этикалық қағидаларды қабылдау, сақтау. | БП, ЖООК | 4 | + | | | + | | | + | | | | |
| **11.** | Оқу практикасы | Қазіргікезеңдегімектепжұмысыныңміндеттері мен негізгібағыттарыментанысу. Мектеппсихологініңқызметі. Мектеппсихологы мен сыныпжетекшісінекөмеккөрсету. Бастапқыдеректердіжинау. Студенттің ғылыми-зерттеужұмысы. Сыныпұжымынзерттеу. Практика күнделігінрәсімдеу. Практика құжаттарынрәсімдеу. | БП, ЖООК | 1 | + | | + | | | | | | | | |
| **12.** | Анатомия, физиология және ОЖЖ эволюциясы | Жүйке жүйесінің эволюциясы және ОЖЖ онтогенезіндегі эмбриогенездің жалпы сипаттамасы. ОЖЖ-ң пре және постнаталды онтогенезі. Жүйке жүйесінің анатомиясы мен физиологиясы: ЖЖ маңызы, қызметі, құрылысы, қасиеттері. ОЖЖ қызметімен байланысты процесстер. Мидың құрылысы мен қызметі, орталық жүйке жүйесіндегі нерв орталықтарының қызметі, шартсыз және шартты рефлекстер. Жоғарғы жүйке әрекеті және оның жас ерекшеліктері. Мидың интегративтік қызметі, қабылдау, зейін, жад, назар аударудың, мотивация мен эмоциялардың, мінез-құлықтың нейрофизиологиялық механизмдері мен жас ерекшеліктері. Сенсорлы жүйе және оның жас ерекшеліктері | БП, ЖООК | 4 | + | + | | | | | | | | | |
| **13.** | Басқару психологиясы/ Маркетинг психологиясы | Басқарудың заманауи психологиясының пәні мен әдістері. Басқарудың негізгі психологиялық заңдары. Тиімді басқарудың психологиялық критерийлері. Басқарушылық шешімдерді психологиялық талдау. Басшының жеке басы. Менеджердің коммуникативтік мәдениеті. Басшының кәсіби құзыреттілігі. Еңбек мотивациясы және ынталандыру: психологиялық аспектілер. Ұжымдағы психологиялық климат: басқару аспектілері. Іскерлік келіссөздер психологиясы. Өндірістік ұжымдағы жанжал. Жанжалда тиімді жүріс-тұрыс тренингі | БП, ЖООК | 5 | | + | | + | | | | + | | | |
| **14.** | Инклюзивті білім беру | Пәннің мақсаты - студенттерде Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беру жүйесі, инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері, инклюзивті білім беруді оқытуда инклюзивті тәсіл қағидаттарын енгізу, әдістемелік және ғылыми-әдістемелік сүйемелдеу туралы тұтас түсінік қалыптастыру. Пән ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқытуды, тәрбиелеуді, дамыту мен әлеуметтік бейімдеу, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу түрлерін қолдану дағдыларын | БП, ЖООК | 5 | | | | | | + | + | + | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | қалыптастыруға, қысқа мерзімді, орташа мерзімді және ұзақ мерзімді мектептерде ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушыларға қолдау көрсету жолдарымен таныстыруға, жалпы білім беретін мектептерде арнайы сыныптардың қызметін ұйымдастыру, ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесін қолдану бойынша студенттердің құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған. | | | | | | | | | | | | | |
| **15.** | Даму психологиясы | Даму психологиясы немесе жас психологиясы тұлғаның психикалық дамуын білуге көмектесетін психологиялық ғылым, оның өміріндегі қалыптасу ерекшеліктері. Даму:1) материалдық объектілердің заңды, бағытталған, қайтымсыз өзгеруі; нәтижесінде объектінің жаңа қасиеттері пайда болады; 2) сыртқы және ішкі, басқарылатын және басқарылмайтын факторлар. Даму кезінде адамда сандық және сапалық өзгерістер болады. Даму психологиясы тұлғаның қалыптасуы мен даму заңдылықтарын зерттейді сәйкес адамның психикалық даму ерекшеліктерімен таныстырады. жас өсу, оның азаматтық қасиеттерінің жетілу шарттары, психологиялық оның ерекшелігіндегі ерекшеліктер. Даму психологиясы қозғаушы күшті қарастырады, онтогенездегі адамның психикалық дамуы мен қалыптасу заңдылықтары. | БП, ЖООК | 5 | + | | + | | | | | | | | |
| **16.** | Психологиядағы ғылыми зерттеу әдістері | Психологиядағы ғылыми зерттеу әдістері пәні. Психологияның әдіснамалық мәселелері. Зерттеуші қызметінің құрылымы. Эксперименталды зерттеу кезеңдері. Психология ғылымдарының негізгі ұғымдары мен теориялары. Психологиялық ғылыми зерттеу әдістері, олардың түрлері, ғылыми зерттеу әдістерінің ғылыми және практикалық негізі. | БП, ЖООК | 4 | | | + | | | + | + | | | | |
| **17.** | Өндірістік практика | Ғылыми-зерттеу практикасының мақсаттарымен, міндеттерімен, мазмұнымен, есеп беру түрлерімен және оларды ұсыну мерзімдерімен танысу, ғылыми-зерттеу практикасының жеке жоспарын дайындау. Алдағыжұмыстыңтеориялықбазасын, зерттеудіңәдістемелік, практикалық құралдарын негізділтаңдау, зерттеудіңмақсаттары мен міндеттерін қою, гипотезаларды қалыптастыру, зерттеу іс-шараларын өткізу жоспарын әзірлеу мақсатында зерттеудің мәлімделген тақырыбы бойыншағ ылыми әдебиеттермен танысу. | БП, ЖООК | 3 | | | | + | | + | + | + | | | |
| **18.** | Жасанды интеллект негіздері | Курс білім алушыларды ЖИ негізгі тұжырымдамаларымен, әдістерімен және қосымшаларымен таныстыруға арналған. Курстың мақсаты – студенттерге қазіргі әлемде жасанды интеллектің мүмкіндіктері мен қолданылуы және олардың әртүрлі қызмет салалары үшін маңызы туралы негізгі білім беру. | БП, ЖООК | 5 | + | | | | | | | | | | |
| **19.** | Тұлға теориясы | Тұлға, оның феноменологиясы туралы ережелер. Психологиялық білімнің әртүрлі салаларында қалыптасқан зерттеу әдістері мен нәтижелері. Психиканың қызметі мен құрылымы. Тұлғаны әлеуметтік-психологиялық, дифференциалды-психологиялық зерттеудің кейбір аспектілері. Даму психологиясы тұрғысынан тұлғаны зерттеу. Психологиялық түсініктер. | БП, ЖООК | 5 | + | | | | | + | | | | | |
| **20.** | Қаржылық сауаттылық негіздері | Курс жеке қаржыны басқару саласында білім мен дағдыларды алуға бағытталған. Пәннің мақсаты – білім алушыларда жеке қаржыға қатысты шешімдер қабылдау кезінде ұтымды қаржылық мінез-құлықты, сондай-ақ цифрлық технологияларды пайдалану арқылы қаржылық қызметтерді тұтынушылар ретінде олардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға байланысты процестерді сыни бағалау және талдау қабілетін қалыптастыру. | БП, ЖООК | 5 | | + | | | | | | | | | |
| **21.** | Практикалық психология | Практикалық психология пәні. Практикалық психология психологиялық ғылымның саласы ретінде. Практикалық психологтың кәсіби қызметінің моделі. Іскерлік жағдайлардағы қарым-қатынас ерекшеліктері.Тиімді коммуникация кезеңдері. Тиімді технологияларды қолдану Практикалық психология ғылымының даму тарихы, оқу әрекетінің психологиясы, педагогтың тұлғалық сапасы, білім беру жүйесіндегі психологиялық қызмет құрылымы. | КП, ЖООК | 5 | | | | | | + | + | + | | | |
| **22.** | Психологиялық кеңес беру | Психологиялық кеңес берудің мәні мен ерекшелігі. Психолог-кеңесші жұмысының негізгі әдістері, белсенді және пассивті тыңдау әдістері. Кеңес беру байланысының ерекшеліктері. Психологиялық кеңес берудегі консультант тұлғасы. Онлайн және офлайн, қашықтан кеңес беру. Түрлі технологияларды (мессенджерлер) қолдану | КП, ЖООК | 5 | | | | | | + | + | + | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | арқылы психологтың онлайн жұмысы. Клиенттерге жазбаша хат алмасу арқылы кеңес беру. Мәтіндік хабарламаларды талдау. Түрлі технологияларды қолдану арқылы психологтың онлайн жұмысы. Клиентке жазбаша хат алмасу арқылы кеңес беру. Топтық кеңес беру. Дағдарысқа араласу негіздері. | | | | | | | | | | | | | |
| **23.** | Баланың психологиялық дамуын түзету | Баланың психологиялық дамуын түзетупәні. Эмоционалдық жағдайлар мен жеке қасиеттерді түзету. Анималотерапия психокоррекция әдісі ретінде. Отбасымен психокоррекциялық жұмыс әдістері. Психологиялық даму нормасы түсінігі. Психокоррекциялық жұмыстың негізгі әдістері. Психокоррекциялық жұмыстың негізгі әдістерін тәжірибеде қолдану.Психологиялық түзету әдістерінің әрқайсысының артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтау. Баланың түрлі салаларын түзетуге бағытталған іс-шараларды әзірлеу. | КП, ЖООК | 5 | | | | | | + | + | + | | | |
| **24.** | Өндірістік практика | Психологтың мекемемен және жұмыс жүйесімен танысу, практика кезінде жұмыс істеу мәселесін анықтау. Психологиялық диагностика әдістері мен мәселелерді талдау. Мекеме психологы қызметінің негізгі бағыттарын ескере отырып, міндетті іс-шаралар бағдарламаларын әзірлеу (түзету және дамыту, ағарту, алдыналу, кеңес беру). Әзірленген бағдарламаны іске асыру (қойылған мәселені шешу бойынша студенттің нақты қызметі). | КП, ЖООК | 5 | | | | | | + | + | + | | | |
| **25.** | Дипломалды практика | Дипломалды практикасының мақсаттарымен, міндеттерімен, мазмұнымен, есеп беру түрлерімен және оларды ұсыну мерзімдерімен танысу, дипломалды практикасының жеке жоспарын дайындау. Алдағы жұмыстың теориялық базасын, зерттеудің әдістемелік, практикалық құралдарын негізді таңдау, зерттеудің мақсаттары мен міндеттерін қою, гипотезаларды қалыптастыру, зерттеу іс-шараларын өткізу жоспарын әзірлеу мақсатында зерттеудің мәлімделген тақырыбы бойынша ғылыми әдебиеттермен танысу, зерттеу, талдау жасау, қорытындылау. | КП, ЖООК | 12 | | | + | | | + | | | | | |
| **26.** | Отбасы тәрбиесі және психологиясы | Қазіргі қоғамдағы тәрбие мәселелері. Ата-ана әлеуметтік-мәдени құбылыс және отбасылық тәрбие субъектілері ретінде. Ата-ананың көзқарасы, ата-ана тәрбиесінің стратегиялары мен стильдері. Отбасы және неке: ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейін. Отбасының дағдарыс кезеңдері. Отбасына психологиялық көмек. Балалармен қарым-қатынастағы қиындықтар туралы ата-аналарға кеңес беру. Отбасылық терапия даму процесі ретінде. | БП, ТК | 4 | + | | | + | | | + | | | | |
| **27.** | Отбасы мәселелері және қиын отбасымен жұмыстың психологиялық-педагогикалық технологиялары | Отбасының баланың әлеуметтенуіне әсері. Отбасылық қолайсыздықты анықтау және түзетудің негізгі әдістерін жіктеу. Отбасы жағдайына әсер ететін детерминациялаушы факторлар. Отбасылық қарым-қатынастың дезадаптациясының негізгі түрлері. Іскерлік:әлеуметтік жұмыс теориясын салыстыру. Отбасының әр түрлі санаттарының негізгі қажеттіліктерін бөлу. Қиын отбасының түрлері. Қиын отбасымен жүргізілетін психологиялық-педагогикалық жұмыс түрлері | | | + | | | + | | | + | | | | |
| **28.** | Психодиагностика негіздері | Психодиагностика негіздері пәні. Әдістемелерді әзірлеу, бейімдеу және қолдану. Психологиялық әдістеменің дискриминативтілігі. Психодиагностиканың автоматтандырылған құралдарын қолдану ерекшеліктері.Психодиагностиканегіздерінің ғылымдар жүйесінде алатын орны. Психодиагностикалық әдістерді бағалау критерийлері: сенімділік, валидтілік және репрезентативтілік,жарамдылығы, дәлдігі мен объективтілігі. Тұлғаның даралық – психологиялық ерекшеліктерін зерттейтін дербес ғылыми психологиялық пән. Тұлғаның ғылыми-теориялық психодиагностикалық негіздері. Психодиагностикалық қызметтегі принциптер және кәсіби-этикалық стандарттар. Психолог диагностикасының кәсіби функциялары. Әдістеменің өткізілу барысы, өңделуі, алынған нәтижелерді сандық және сапалық өңдеу | БП, ТК | 5 | | | | | | + | + | + | | | |
| **29.** | Психология бойынша практикум | Адамның танымдық іс-әрекетінде сезімнің рөлін зерттеу әдістемесі. Психологиядағы танымдық прпоцестерді зерттеудің әдіс-тәсілдері. Психодиагностикалық әдістерді жүргізудің техникасы, принциптері, талаптары. Психологияда өлшеу теориясын практикалық қолдану ерекшеліктері. Психологиядағы әртүрлі зерттеу түрлерінің ерекшеліктері. Өлшеу шкалаларын дұрыс пайдалану және құрастыру. ТАт әдістемесі. Кэттел әдістемесі. Интеллектуалды тесттер. | | | | | | | | + | + | + | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **30.** | Арт-терапия | Арт-терапияның қалыптасу тарихы. Қазіргі білім беру жүйесіндегі арт-терапия. Қазіргі арт-терапияның бағыттары: изотерапия – бейнелеу өнері: сызу, модельдеу, сәндік-қолданбалы өнер және т.б. арқылы емдік әсер ету; имаготерапия – бейнелеу, театрландыру, драматизациялау арқылы әсер ету; музыкалық терапия – музыканы қабылдау арқылы әсер ету; ертегі. ертегі терапиясы - ертегі, астарлы әңгімелер, аңыздар арқылы әсер ету;кинезитерапия - би-қимыл арқылы әсер ету, түзету ырғағы (қозғалыспен әсер ету) хореотерапия және т.б. Арт-терапиялық модельдер: эклектикалық, интегративті, гуманистік, медициналық, педагогикалық.<br>Арт-терапевт тұлғасына қойылатын талаптар. | БП, ТК | 5 | | | | | | + | + | + | | | |
| **31.** | Кәсіби көшбасшылық негіздері | Кәсіби көшбасшылық негіздері. Көшбасшылық ұғымы. Көшбасшыға кәсіби қызметте қажетті сапа. Жеке тұлғаның сапасын диагностикалауды жүзеге асыру.Мектепке дейінгі жастағы балалардың бойында көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру.Мектепке дейінгі жастағы балалардың көшбасшы қасиеттерін диагностикалау. | | | | | | + | + | | + | | | | |
| **32.** | Танымдық психикалық процестер | Танымдық психикалық процестер пәні. Танымдық психикалық процестер: ойлау, ес, зейін, қиял, қабылдау. Олардың адам қызметіндегі арақатынасы, қызмет ету және даму заңдары. Танымдық процестердің мазмұны мен психологиялық құрылымы. Танымдық процестерді талдау. Танымдық процестердің мазмұны мен психологиялық құрылымы. Танымдық процестердің даму заңдылықтары мен механизмдері, критерийлері. Танымдық психикалық процестер талдау. | БП, ТК | 5 | + | | + | | | | | | | | |
| **33.** | Клиникалық психология | Клиникалық психология пәні.Танымдық және эмоционалды-тұлғалық сфераның бұзылуы.Патопсихоло гиялық талдау.Аномальды даму психологиясы. Нейропси хологияның, патопсихологияның негіздері, соматикалық аурулардың психологиялық факторлары, тұлғалық дамуының ауытқулары, олардың коррекциясы және профилактика негіздері. | | | + | | | | | | | + | | | |
| **34.** | Стресс психологиясы | Стресс ғылыми концепциясының даму тарихы. Стресстің негізгі тәсілдері мен теориялары. Психологиялық стресс түсінігі. Психологиялық стресс теориясы мен модельдері. Кәсіби стресс. Кәсіби стресс нәтижесі ретінде эмоциялық жану синдромы.Стрессті зерттеудің әдістемелік аспектілері. Күйзеліспен және эмоциялық жану синдромының көріністерімен профилактикалық жұмыс жүйесі | БП, ТК | 5 | + | | | | | + | | + | | | |
| **35.** | Психологтың кәсіби шеберлігі | Психологтың кәсіби шеберлігі пәні. Психологиялық шеберлік психологиялық мәдениеттің компоненті ретінде мәні мен мазмұны. Психологиялық кәсіби шеберлікті қалыптастырудың негізгі кәсіби-психологиялық іс-әрекеті. Психологиялық шеберліктің басты шарттары. Психологтың кәсіби шеберлігінің құрамдас бөлігі психологиялық қарым-қатынас. Практикалық психологтың кәсіби іс-әрекетке дайындығы, бейімделуі, кәсіби біліктілігі, кәсіби эрудициясы, кәсіби икемділігі мен дағдылары. | | | | | | | | + | + | + | | | |
| **36.** | Әлеуметтік психология | Психология ғылымының салалары мен тармақтары.Әлеуметтік психология. Әлеуметтік психологияның қалыптасуы мен даму жолы. Әлеуметтік психологияның әдістемесі мен әдістері. Тұлғаның әлеуметтік психологиясы. Тұлғаның әлеуметтенуі. Викторология. Қарым-қатынас мәдениеті.Әлеуметтік ойлау. Ақылсыздықтың себептері. Клиникалық түйсігі: психологияның қауіптілігі. Негізгі атрибуция қатесі. Мақтанышқа жаңа көзқарас. Позитивті ойлаудың күші. Мінез - құлық және сенім. Жынысы, гендері және мәдениеті. Сендірудің екі жолы. Қатынастардың әлеуметтік психологиясы. Кіші топтың психологиясы. Топтағы басшылар. Қауымдастықтар мен әлеуметтік институттардың әлеуметтік психологиясы. Үлкен топтың әлеуметтік психологиясы. Қолданбалы әлеуметтік психология | БП, ТК | 5 | | | + | | + | | | + | | | |
| **37.** | Дін психологиясы | Діндердің зайырлы және конфессиялық психологиясы. Дін психологиясындағы әлеуметтік-психологиялық тәсілдер. Дін психологиясы міндеттері мен пәні. Дін психологиясындағы сенім феномені және діннің негізгі психологиялық категориялары. Ғылым ретіндегі бүгінгі дін психологиясы және оның рөлі. Ислам дүниесіндегі дін психологтары. Дін психологиясы және діни сезім. Тұлғалық құрылыста діннің рөлі. Діни сенімнің психологиясы. Тәуелді діни ұйымдардың санының көбею мәселелері. | | | + | + | + | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Тәуелділіктің алдын алу және анықтау, тәуелділікке ұшырағандардың жеке басын қолдау және манипуляциялық әсерге төзімділікті дамыту технологиясы. | | | | | | | | | | | | | |
| **38.** | Психология тарихы | Психологияның өзіндік ғылым ретінде қалыптасуы және оның дамуы. Психология жан туралы ғылым ретінде. Психология сана туралы ғылым ретінде. Психология қылық туралы ғылым ретінде. Шетел психологиясының қазіргі кездегі даму тенденциясы және жағдайы. Ресейдегі психологияның дамуы. Психология психика туралы ғылым ретінде. Қазақстан Республикасында психология ғылымның қазіргі жағдайы. | БП, ТК | 4 | + | | | | | + | | | | | |
| **39.** | Конструктивті қарым-қатынас психологиясы | Пәннің мақсаты – студенттердің қоғамға бейімделуіне және тиімді қарым-қатынасына ықпал ете отырып, коммуникативті қабілеттерін дамыту. Конструктивті коммуникация түсінігі. Вербальды қарым-қатынас және бейвербалды қарым-қатынас, эмоционалды өзін-өзі көрсету мәселесі. Қарым-қатынас технологиясы, конфликттік қарым-қатынас, отбасылық қарым-қатынас, негізгі қарым-қатынас стильдері, экстремалды жағдайларда қарым-қатынас, қарым-қатынастағы негізгі жағымсыз факторлар. Қарым-қатынастағы кедергілер. Конструктивті қарым-қатынастың негізгі шарттары. Конструктивті қарым-қатынас техникасы: 8 ереже. Тыңдау техникасы. Эмпатикалық тыңдау техникасы. | | | | | | | | | | + | + | + | |
| **40.** | Әлеуметтік-психологиялық тренингтер | Тренинг, тренинг топтары туралы түсінік. Құрылымы, мақсаттары, міндеттері және құрылыстың жалпы принциптері, фасилитатордың рөлі мен функциялары, оқыту топтарында қолданылатын әдістемелік құралдар мен әдістер, тренингті дайындау және өткізу ерекшеліктері, негізгі процедуралар. Тренингтерді ұйымдастыру технологиясы, тренингтің бағдарламасын құру, тренинг өткізу технологиясы, тренинг өткізу әдістемесі, жетекші тұлғасы. | БП, ТК | 5 | | | + | | | + | | + | | | |
| **41.** | Спорттық психология | Танымдық процестер психологиясы. Спорттық қызметтің әлеуметтік-психологиялық аспектісі. Спорттағы психологиялық қызмет. Спорттық қызметті психологиялық қамтамасыз ету және сүйемелдеу. Психологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Спорттағы диагностиканың және түзетудің психологиялық негіздері. Жаттығу процесінде психологиялық кернеу және асқын кернеу. Спорттық топта көшбасшылық. | | | + | | | | | | | + | | | |
| **42.** | Этнопсихология | Этникалық топтардың психологиялық ерекшеліктері. Этникалық психологияны зерттеудің әдіснамалық принциптері. Ұлт психологиясын және ұлтаралық қатынастарды зерттеу. «Ұлттың психологиялық қасиеттері» және ұлттық мінез. Этникалық стереотип, эгоцентризм мәселелері. Ұлттық психологияның тарихилығы және салыстырмалығы. | БП, ТК | 5 | + | + | | + | | | | | | | |
| **43.** | Когнитивті психология | Когнитивті психологияның теориялық және практикалық негізі. Ақпаратты өңдеу және когнитивті нейроғылым. Когнитивті психологияның қысқаша тарихы. Концептуалды ғылым және конгитивті психология. Қабылдау және зейін. Сана, мнемоника және экперттер. Ес: құрылымы мен прцестері. Ойлау образдары және когнитивті психология. Когнитивті даму. Ойлау: тапсырманы шешу, шығармашылық және адамзат интеллектісі | | | + | | | | + | | | + | | | |
| **44.** | Дефектология негіздері | Дефектология психологиялық-педагогикалық ғылымның бір саласы ретінде. Дефектологияның объектісі, пәні, мақсаты мен міндеттері. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар; дефектология; педагогикалық көмек; арнайы білім беру қызметтері; арнайы (түзету) оқу орны; өтемақы; педагогикалық түзету; абилитация, медициналық-психологиялық оңалту; әлеуметтік оңалту; әлеуметтік бейімделу. Қазақстан Республикасындағы инклюзивті білім беру. | БП, ТК | 5 | + | | | | | | + | + | | | |
| **45.** | Патопсихология | Патопсихологиялық зерттеуді ұйымдастыру принципі, патопсихологиялық зерттеу әдістері. Сананың бұзылуы. Клиникалық практикадағы аномалиялық зерттеу. Ерте балалық шақта кездесетін ауытқушылықтар. Негізгі психикалық аурулар, оларды емдеу және профилактика. Патопсихология пәніне кіріспе. Патопсихологиялық зерттеуді ұйымдастыру принципі, патопсихологиялық зерттеу әдістері. Сананың бұзылуы. Клиникалық практикадағы аномалиялық зерттеу. Ерте балалық шақта кездесетін ауытқушылықтар. | | | + | | | | | | + | + | | | |
| **46.** | Медициналық психология | Медициналық психология пәнінің Тарихи өзгерістері. Қазіргі медициналық психологияның құрылымы. АХЖ–10, DSM–IV, DSM–V жіктемелері: әдіснамалық негіздер. Психикалық үрдістердің, тұлғаның қасиеттері мен мінез-құлықтың | БП, ТК | 4 | + | | | | | | + | + | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | диагностикасы. Медициналық-психологиялық диагностикадағы мультимодальдық принципі. Психикалық бұзылулардың жіктелуі мен диагностикалық критерийлері. Психикалық функцияларды мидың жас ерекшеліктері. Дамудағы бұзылыстардың нейропсихологиялық корреляттары. | | | | | | | | | | | | | |
| **47.** | Шығармашылық ойлау психологиясы | Ойлауды зерттеудің әдістемелік тәсілдері. Шығармашылық психологияны зерттеу пәні ретінде. Шығармашылық шешімдерді іздеу әдістерін салыстыру. Интеллектуалды шығармашылық құралдары. Метафоризм шығармашылықтың интегративті көрсеткіші ретінде. Ойлау іс-әрекетінің жеке айырмашылықтары (ойлаудың кеңдігі, тереңдігі және тәуелсіздігі, ойдың икемділігі, ақылдың жылдамдығы мен сыни сипаты). Шығармашылық тұлғаның дарындылығын бағалау әдістері. | | | | | + | | | | + | | | | |
| **48.** | Эксперименталды психология | Эксперименталды психологияпәні Психологиядағы бақылау орны, психологиядағы ғылыми зерттеудің негізгі принциптері мен тәсілдері. Психологиядағы эмпирикалық зерттеу әдістерінің тәжірибелік әдісі. Зерттеу әдістерін таңдау негіздері. психологиядағы зерттеулердің негізгі түрлері. Психологиядағы зерттеу әдістерінің инварианттарын анықтау. Эксперименталды (және эмпирикалық) психологиялық-зерттеулерді рецензиялау. | КП, ТК | 4 | | | + | | | + | | + | | | |
| **49.** | Психологиядағы математикалық әдістер | Психологиядағы математикалық әдістерпәні. Ықтималдықтың шекті теоремалары. Математикалық статистика элементтері. Психологиялық зерттеудің деректерін математикалық өңдеудің негізгі түсініктері, принциптері мен әдістері. Психологиялық параметрлер арасындағы статистикалық байланыстарды анықтауға арналған коэффициенттер мен өлшемдер.Корреляция, регрессия, дисперсия, факторлық салмақ коэффициенттерін есептеу. Эмпирикалық деректерді математикалық-статистикалық өңдеудің негізгі технологиялары. | | | | | + | | | + | | + | | | |
| **50.** | Конфликтология | Курс жанжалды анықтау, шешу және басқару тәсілдерін зерттеуге арналған. Тұлғааралық қақтығысты басқаруға басты назар аударылады. Эмоционалды жанжалды өзара әрекеттесу жағдайындағы мінез-құлық ерекшеліктері, адамның мінез-құлқының стратегиялары мен әдістері зерттеледі. Болжау және қақтығыстарды болдырмау, әлеуметтік жанжалдарды басқару, келіссөз процесі жанжалды басқару технологиясы ретінде зерттеледі. | КП, ТК | 4 | | | | | | + | + | + | | | |
| **51.** | Экологиялық психология | Экологиялық психология пәні. Экологиялық психология пән, мақсаты мен міндеттері. Экологиялық психологияның негізгі бағыты және әдіснамалық құрауыштар. Социогенез процесіндегі экологиялық сананың сипаттамасы. Онтогенез процесіндегі экологиялық сана. Экологиялық-әлеуметтік білім беру ортасын жобалау негіздері. Экологиялық сана-сезімнің түрін анықтау,дайындау, жүргізу, әртүрлі жас топтарына арналған психологиялық тренингтер. | | | | | | | | + | + | + | | | |
| **52.** | Суицидология негіздері/ Девиантты мінез-құлық психологиясы | Бұл курста суицидтің тарихи және мәдени аспектілерін сипаттайтын материалдар, девиантты мінез-құлық психологиясы, оның генетикалық, биохимиялық және патопсихологиялық аспектілері, суицидтің әлеуметтік факторлары, суицид қаупін бағалау, балалар мен жасөспірімдердің суицидтері, суицидтік мінез-құлықтың даму кезеңдері, өз-өзіне қол жұмсаудың туыстары мен достарына психологиялық көмек. Қазіргі заманғы ұстанымдардан суицидтік және девиантты мінез-құлықты қалыптастыру механизмдері ашылады, оның алдын-алу, диагностикалау және түзетудің негізгі принциптері келтірілген. Материалды ұсынудың жалпы тұжырымдамасы студенттерге суицидтік, девиантты қауіп тобындағы адамдармен жұмыс істеудің практикалық дағдыларын қалыптастыруға баса назар аударады, бұл қазіргі психологтың кәсіби дайындығының қажетті элементі болып көрінеді | КП, ТК | 4 | + | + | + | | | | | | | + | |
| **53.** | Психотерапияның теориясы мен әдістері | Психотерапиядағы психоаналитикалық модельдер. Когнитивті-мінез-құлық психотерапия. Психотерапияның гуманистік моделі. Психотерапияның классикалық модельдері. Инновациялық психотерапия. "Ядролық процесс"," басы жоқ жол"," фокусирование", феноменология және басқа психотерапиялық техникалар. Топпен салыстырғандағы жеке жұмыстың ерекшеліктері. | | | | | | | | + | + | + | | | |
| **54.** | Заң психологиясы | Заң психологиясы пәні. Пенитенциарная психология. Қылмыстық топтардың психологиясы. Кәмелетке толмағандардың жеке психологиясы. Психология мен құқық | КП, ТК | 5 | + | + | + | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | қарым-қатынасының негізгі заңдылықтары.Заң психологиясының негізгі теориялық түсініктері мен категориялары. Тұлғаның психологиялық портретін құру. Азаматтармен әртүрлі жас және әлеуметтік категорияларымен бейвербалды қарым-қатынас. Заң қызметін психологиялық қамтамасыз ету. | | | | | | | | | | | | | |
| **55.** | Сот психологиясы | Сот психологиясы пәні. Сот-психологиялық сараптаманың әдіснамалық негіздері. Тергеушінің сот-психологиялық сараптамасын дайындау, тағайындау, пайдалануы. Заң қызметінде психологиялық білімді пайдаланудың құқықтық негіздері.Сот психологиясының негізгі ұғымдарын беру, адамның құқықтық санасының қалыптасуының және оның құқықтық жүріс-тұрысы мен әрекетінің психологиялық заңдылықтарын айқындау. Сот психологиясының пәні, әдістері, салалары. Құқықтың психологиялық феноменологиясымен құқықтық сана мәселелері. | | | + | + | + | | | | | | | | |
| **56.** | Саяси психология | Саяси психология пәні. Қазақстандағы саяси психологияның дамуы. Билік психологиясы. Адамдардың саяси санасында және көңіл-күйлерінде, саяси қоғамдық өмірлерінде көрініс тапқан қоғамның саяси өмірінің психологиялық компоненттері мен заңдылықтары жөніндегі ғылыми - практикалық білімдер жүйесі. Сайлау өткізудің,саясаткерлердің имиджін жасаудың, қауыммен байланысты қамтамасыз етудің психологиясы. Саяси элитаның психологиясы. | КП, ТК | 5 | + | + | + | | | | | | | | |
| **57.** | Дифференциалдық психология | Дифференциалдық психологияның қалыптасу тарихы. Дифференциалдық психология әдіснамасы. Сызбалар теориясындағы жеке айырмашылықтарды зерттеу. Когнитивті саланы зерттеудің дифференциалды-психологиялық тәсілі. Темперамент қасиеттерінің құрылымы және тұлғаның диспозициялық қасиеттері. Тұлғаның дифференциалдық-психологиялық зерттеулері. Жеке айырмашылықтарды қалыптастырудағы тұқым қуалаушылық және ортаның рөлі. Жеке айырмашылықтардың психофизиологиялық негіздері. | | | + | | + | + | | | | | | | |
| **58.** | Minor | Minor бағдарламасының мақсаты - білім алушыларға білім беруді цифрландыру, психология, дефектология, тілдер және кәсіби коммуникация, қаржы, кәсіпкерлік, басқару қызметі, бизнесті ұйымдастыру, фитнес-жаттығуларды ұйымдастыру саласында қосымша білім алуға және дағдыларды игеруге мүмкіндік беру, білім алушылардың академиялық мүдделерін қанағаттандыру, түлектердің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру. | КП, ТК | 20 | | | | | | | | | | | + |

### 3. Модульге сипаттама

| **Модуль** | **Құрамдас компоненттің атауы** | **Пререквизиттер** | **Оқыту нәтижелері** |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| **Жалпы білім беретін пәндер** | Қазақстан тарихы | Қажет емес | 1) Қазақстан тарихының негізгі даму кезеңдерін білу мен түсіну бойынша білімін көрсету;<br>2) сыни талдау негізінде тарихи өткеннің құбылыстары мен оқиғаларын адамзат қоғамының дүниежүзілік тарихи дамуының ортақ ұстанымдарымен ұштастыра білу;<br>3) қазіргі Қазақстандағы құбылыстар мен тарихи үдерістері зерттеу барысында аналитикалық және аксиологиялық талдау дағдыларын игеру; |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | 4) заманауи қазақстандық даму үлгісінің ішкі ерекшеліктерін объективті және жан-жақты зерделей білу;<br>5) Қазақстан тарихынының үдерістері мен тарихи құбылыстарды жүйелеу және сыни баға беру. |
| | Философия | Әлеуметтік-саяси білім модулі (Саясаттану, Әлеуметтану,Мәдениет тану, Психология) | 1) арнайы философиялық терминологиямен және философияның категориялық-тұжырымдамалық аппаратымен жұмыс істеуге<br>2) түпнұсқа философиялық мәтіндермен шығармашылықпен және сыни тұрғыдан жұмыс жасау<br>3) зерттелетін философиялық мәселелер бойынша өз ойларын қисынды түрде баяндау<br>4) философиялық білімнің генезисі мен даму ерекшеліктерін талдау<br>5) философияның әртүрлі мәселелері бойынша өзінің дүниетанымдық ұстанымын қалыптастыруға және дәлелді түрде қорғауға<br>6) қазіргі жаһанданудың өзекті мәселелерін бағдарлау<br>7) философияның ережелері мен категорияларын әртүрлі әлеуметтік тенденцияларды, фактілер мен құбылыстарды бағалау және талдау үшін пайдалану<br>8) философияның өзекті мәселелері бойынша философиялық диалог пен полемиканы қабылдау, көпшілік алдында сөйлеу және жазбаша дәлелді баяндау және өз көзқарасын қорғау, әртүрлі жеке өмірлік жағдайларда және қоғамдық құбылыстарды талдау кезінде философиялық білімді қолдану дағдыларын меңгеруге міндетті. |
| | Экология, бизнес және құқық негіздері | Қажет емес | 1) жалпы экологияның негізгі ұғымдары мен заңдарын, Қазақстан Республикасы Конституциясының негізгі ережелерін білу;<br>2) бизнесті экономикалық жүйе ретінде ұйымдастыру процесін, оны жүзеге асырудың ұйымдастырушылық нысандарын, бизнес инфрақұрылымының негізгі элементтерін білу;<br>3) бизнесті басқаруда тәсілдерді қолдану, бизнесті ұйымдастырудың теориялық негіздерін меңгеру, нарықтағы бос істерді іздеуді жүзеге асыру;<br>4) қоршаған ортаның негізгі факторларына экологиялық баға беру, ағзаға қолайсыз әсердің алдын алу, денсаулықты сақтау және нығайту жөніндегі іс-шараларды әзірлеу, құқықтық реттеу саласы тұрғысынан оқиғалар мен іс-әрекеттерді талдау;<br>5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың нормаларын қолдану;<br>6) негізгі техногендік қауіптерді, зиянды және қауіпті техникалық жүйелерге әсер ету сипатын анықтау және талдау;<br>7) академиялық адалдық принциптері мен мәдениетінің маңыздылығын түсіну;<br>8) қойылған кәсіби міндеттерді шешу үшін қажетті деректерді жинау, талдау және өңдеу әдістерін қолдану;<br>9) практикалық зерттеулер жүргізу дағдыларын қолдану. |
| | Қазақ (орыс) тілі | Қажет емес | 1) қазақ (орыс) тілінің нормаларын білу негізінде сөздерді олардың лексикалық мағынасы мен стиліне сәйкес қолдану;<br>2) сөйлеу әрекетінің түрлерін (сөйлеу, тыңдау, оқу және жазу) анықтау;<br>3) коммуникация мақсаттарын айқындау, сөйлеу жағдайын бағалау, сөйлесушінің коммуникативтік ниеттері мен коммуникация тәсілдерін ескеру;<br>4) коммуникацияның барабар стратегияларын таңдау, өзінің сөйлеу мінез-құлқын мағыналы өзгертуге дайын болу;<br>5) сөйлеу қызметінің түрлерін және ауызша және жазбаша сөйлеу мәдениетінің негіздерін, қарым-қатынастың өмірлік маңызды салалары мен жағдайларында тілді пайдаланудың негізгі дағдылары мен икемділіктерін меңгеру;<br>6) тілдік құбылыстар мен фактілерді, әдеби ана тілінің нормаларын, тілдің сөздік қорының байлығын талдау және бағалау; |
| | Шетел тілі | Қажет емес | 1) Фонетика және орфографияны білу негізінде әріп және әріп тіркестерін оқудың, дыбыстаудың, транскрипциялаудың және жазудың негізгі ережелерін қолдану;<br>2) Лексикалық-грамматикалық бірліктерді білу негізінде оқылатын білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін сөзжасамдық модельдерді, терминдерді, лексикалық құрылымдарды қолдану;<br>3) Қоғамдық-тұрмыстық сипаттағы мәтіндерді, білім беру бағдарламасына қиындығы орташа әдебиеттерді оқу, түсіну;<br>4) нысанға және талаптарға сәйкес сауалнамалар, түйіндемелер толтыру, жеке және іскерлік сипаттағы хаттар жазу;<br>5) тұлғааралық, мәдениетаралық және кәсіби қарым-қатынас мәселелерін шешу үшін шетел тілінде ауызша және жазбаша түрде қарым-қатынасқа түсу |
| | Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар | Қажет емес | 1) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дамытуға ықпал ететін экономикалық және саяси факторларды білу;<br>2) электрондық кестелермен жұмыс істей білу, деректерді топтастыра білу, графиктер құру;<br>3) деректер қорымен жұмыс істей білу, ақпаратты қорғау әдістері мен құралдарын қолдана білу;<br>4) қарым-қатынас үшін түрлі әлеуметтік платформаларды пайдалану<br>5) ақпаратты іздеу және сақтау үшін ақпараттық ресурстарды пайдалану; 6) кәсіби білімді кеңейту үшін электрондық оқытудың түрлі нысандарын қолдану. |
| | Әлеуметтік- саяси білім модулі (Әлеуметтану, Саясаттану, Мәдениеттану, Психология) | Қажет емес | 1) Модульдің оқу пәндерін қалыптастыратын ғылымдардың барлық салаларында пәндік білімді (ұғымдар, идеялар, теориялар) түсіндіру және ұғындыру;<br>2) қоғамның әлеуметтік-этикалық құндылықтарын әлеуметтік - саяси модуль пәндерін базалық білу жүйелеріндегі интеграциялық процестердің өнімі ретінде түсіндіру;<br>3) нақты оқу пәні контекстінде және модуль пәндерінің өзара іс-қимыл рәсімдерінде зерттеудің ғылыми әдістері мен тәсілдерін пайдалануды алгоритмдік түрде ұсыну; |

| | | | |
|---|---|---|---|
